

Қазақстан Республикасының Жекелеген мемлекеттік наградаларымен наградталған азаматтарға берілетін жеңілдіктер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 қыркүйек 1993 ж. N 783. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.04. N 205 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңның 33-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Даңқ" орденімен наградталған әскери қызметшілерге, ішкі істер, ұлт қауіпсіздігі органдарының қызметкерлеріне:

белгіленген нормалар бойынша тұрғын алаңмен бірінші кезекте қамтамасыз етілу хұқығы берілсін;

санаторий-курорт еміне адамдарға санаторийге немесе демалыс үйіне жұмыс (қызмет) орындары арқылы, ал жұмыс істемейтін зейнеткерлерге зейнетақы төлейтін органдар арқылы жыл сайын тегін жолдама берілсін.

2. "Күміс алқамен" наградталған (6-7 бала туып тәрбиелеген), сондай-ақ I, II, III дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен және I дәрежелі "Ана медалімен" наградталған көп балалы аналарға:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 ақпандағы N 122 қаулысында белгіленген тәртіп бойынша балаларының жасына қарамастан қаланың ішкі көлігі мен қала маңына жүретін көлікті (таксиден басқасы), ал ауылдық жерлерде ауданның ішкі желісіндегі автобустарды жеке өзінің тегін пайдалану хұқығы берілсін (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1993 ж., N 4, 50 б а п) ;

- мұқтаждарға тұрғын үй салу үшін бірінші кезекте процентсіз кредит берілсін ;

- жергілікті атқару органдарына осы топқа жататын көп балалы аналарды және "Алтын алқамен" наградталған аналарды, сондай-ақ бұрын "Ардақты ана" атағын алған, I, II, III дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен және I дәрежелі "Ана медалімен" наградталған аналарды заказдар бойынша қызмет көрсететін столдар жүйесі арқылы азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын .

3. 1993 жылдың 1-қыркүйегінен бастап:

- "Қазақстанның халық жазушысы";

- "Қазақстанның халық артисі";

- "Қазақстанның халық ақыны" атақтарын алған және сонымен дәрежелес

республиканың "Халық" құрметті атақтары бұрынырақ берілген адамдарға, сондай-ақ бұрынғы КСРО-ның "Халық" құрметті атағы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі еңбек ақысына ай сайын Қазақстан Республикасының заңында белгіленген есепті көрсеткіштің 1,5 көлемінде үстеме белгіленсін; < * >

- "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы";
- "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері";
- "Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері";
- "Қазақстанның еңбек сіңірген артисі";
- "Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері";
- "Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы" атақтарын алған және сонымен дәрежелес республиканың "Еңбек сіңірген" құрметті атақтары бұрынырақ берілген адамдарға, сондай-ақ бұрынғы КСРО-ның "Еңбек сіңірген" құрметті атағы бар Қазақстан Республикасының азаматтарының негізгі еңбек ақысына ай сайын есепті көрсеткіштің 1 көлемінде үстеме белгіленсін.<*>

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, кәсіпорындары (бірлестіктері), ұйымдары мен мекемелері меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, сондай-ақ облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері осы үстемелерді еңбекақы қорының есебінен төлеуін қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.04.02.

N 4 6 5 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "КСРО мен Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын алған адамдарға үстеме ақша төлеудің жүйесіне өзгерістер енгізу туралы" 1992 жылғы 29-сәуірдегі N 390 қаулысы 1993 жылдың 1-қыркүйегінен бастап күшін жойды деп саналсын (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж., N 17, 271-бап).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі